

«Бекітілді»
Атырау қаласы №5 «Аққу»
бөбекжай-бақша меңгерушісінің у.м.а.
Б.С. Бағытжанова
Педагогикалық кеңес №1 31.08.2021ж.



**Мектепке дейінгі ұйымда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша
жылдық перспективалық жоспары
Ересек топ «Тұлпар» (4 - 5 жас)
Тәрбиеші: Зулхарова А. Б**

2021 - 2022 оқу жылы

**2021-2022 оқу жылына арналған ересек №2 «Тұңғар» тобының
өтпелі тақырыптары**



№	Айлар	Тақырыптар	Апталық тақырыптары
1	Қыркүйек	«Бәрі мен жайлы»	1. «Мен және менің тобым» (орталықтар, табиғат бұрышы) 2. «Менің отбасым, отбасылық мереке» 3. «Ересектер еңбегі» (директор, әдіскер, емшібіке, кір жуушы 4. «Менің тұтқан өлкем»
2	Қазан	«Қош келдің, Алтын күзі!»	1. «Жомарт күз» (ауа-райы құбылыстары, белгілері, ағаштар) 2. «Күз сыйы» (көкөністер, жемістер, жидектер) Күзгі букет. 3. «Нан неден жасалады?» (етін егуге дайындық барысы, бидай өсімі, еңделуі, пісірілуі нан өнімдерінің пайдасы, наубайшы маманы) 4. «Өсімдіктер әлемі: санырауқұлақтар, бұтақтар»
3	Қараша	«Табиғат әлемі»	1. «Жыл құстары» (қарлығаштар, үйректер, қаздар) 2. «Тұтқан өлке байлықтары» 2. «Жабайы жануарлардың ғажайып әлемі». (Андардың қысқа дайындығы) 4. «Тірі және өлі табиғат»
4	Желтоқсан	«Жайнай бер, Қазақстан!»	1. «Алғай кыс келді!» 2. «Тауелсіз Қазақстан» (ҚР алғашқы президенті, ҚР рәміздері) 3.«Қазақстанның Қызыл кітабы» (Ақбөкен, ұзын кірпі, қызғылт фламинго , бұйра біртектес көкнәр, көкнәр, алқаптың лагалаулі) 4.«Жана жыл ғажайыптары»
5	Қаңтар	«Шымыр болып өсеміз!»	1. «Қыс қызығы», «Ғажайыптар әлемі» (тәжірибелер) 2. «Дұрыс тамақтану», «Дәрумендер» 3. «Күн, су, ауа» 4. «Мен үйде жалғыз қалғанда», «Қысқы қауіпсіздік»
6	Ақпан	«Мен және қоршаған орта»	1. «Қыстайтын құстар» (қарға, торғай, көгершін, сауысқан) 2. «Техника және байланыс әлемі» 3. «Көліктер», «Арнайы көліктер», «Жолда жүру ережесі» 4. «Заттық әлем: жипаздар, ылдыстар», «Неден жасалған?» (заттардың қасиеті мен сапасы)
7	Наурыз	«Салт дәстүрлер және фольклор»	1. «Қазақ халық салт-дәстүрлері», Ұлттық ойындар» 2. «Табиғат оянады», «Жылғалардан су ақты» 3. «Наурыз достарды шақырады». (ұлттық киімдер, бұйымдар, қазақтың ұлттық аспаптар, ылдыстар) 4. «Өнер көзі-халықта» (қолданбалы өнер) «Қазақ халқының халық ауыз шығармашылығы»
8	Сәуір	«Мені қоршаған әлем»	1. «Көктемгі егістік» 2. «Мамандықтың бәрі жақсы» 3. «Жұлдызды аспан, планеталар» (Ғарышкерлер күні) 4. «Достық біздің тірегіміз»
9	Мамыр	«Әрқашан күн сөнбесін!»	1. «Ел қорғау, а әзірміз» 2. «Жоралғаушылар» (тасбақа, кесіртке, бақа, жылан) 3. «Жәндіктер» (құрт, өрмекші, ара, қонғыз) 4. «Жаза келді көңілді»

Қыркүйек.

Өтпелі тақырып: «Бәрі мен жайлы»

Мақсаты: өзі және өзінің жағдайы, көңіл күйі туралы түсініктерін кеңейту. Өзіне деген сенімділігін нығайту, өзіне-өзі қызмет ету

Өтпелі	Тақырып ша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру – 3	«Қатынас»-2,5 Сөйлеуді дамыту – 1 Көркем әдебиет – 1 Орыс тілі – 0,5	«Таным»-2,5 Математика негіздері – 1 Құрастыру – 0,5 Жаратылыстану – 1	«Шығармашылық»-3,5 Сурет салу – 1 Мүсіндеу – 0,5 Жапсыру – 0,5 Музыка – 1,5	«Әлеумет»-0,5 Қоршаған ортамен танысу – 0,5
Мен және менің тобым	(1 апта)	<p>Дене шынықтыру Сапта бір-бірлеп жүру және жүгіру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру. Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүру.</p> <p>Дене шынықтыру Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен кезектестіру. Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) жүру. Допты тура бағытта домалату. К/О «Аю мен аралар</p> <p>Дене шынықтыру 3. Балаларды бір-бірінің қолынан ұстап шеңбер бойымен тізбектеліп жүруге және берілген бағытта жүгіруге үйрету. Допты тура бағытта домалату. Құрсаудан еңбектеп өту. К/О «Кім бірінші»</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Т/б: «Менің балабақшам». Мақсаты: Балаларды өздерінің жеке тәжірибелеріне сүйене отырып, қысқаша әңгімелер құруға үйрету. Балабақша қызметкерлерінің аты-жөндерін естеріне сақтап, айтуға жаттықтыру. Ойлау және сөз бен сөзді байланыстрып сөйлеу қабілеттерін дамыту. Мейірімді, әдепті болуға тәрбиелеу. (Шикүла басп 11 бет)</p> <p>Орыс тілі Тема: «Я и моя группа» Цель: Создать положительный эмоциональный настрой для успешной учёбы в новом учебном году. Формировать дружный коллектив.</p> <p>Көркем әдебиет Т/б: «Біздің балабақша» Мақсаты: Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту. Ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.</p>	<p>Математика негіздері Т/б: «Бір және көп» Мақсаты Бір және көп, үлкен және кіші ұғымдары туралы білімін бекіту. Шеңбер Логикалық ойлауды жаттықтыру. Жаратылыстану Т/б: «Өзім туралы білгім келеді» Мақсаты: Өзі және өзінің жағдайы, көңіл күйі туралы түсініктерін кеңейту. Өзіне деген сенімділігін нығайтып, құрметі мен дербестігін арттыру.</p>	<p>Сурет салу Т/б: «Үйдің суретін саламыз» Мақсаты: Түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білу дағдыларын қалыптастыру. Бояу түсін тандай білу, сурет салуға қызығушылығын арттыру. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Музыка: «Біз бақытты баламыз» Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауды, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету Музыка: «Туған күн» Тәрбие жұмысында мерекелер туралы ұғымдарын кеңейту. Балаларды адамгершілікке, достыққа тәрбиелеу мақсатын көздеу. Отбасылық дәстүрлер туралы балаларға түсіндіру. Өн –күйлерді тыңдату, қабылдау, есте сақтау және музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету Жапсыру Т/б: «Көлік» Мақсаты: Балаларға көліктер туралы түсінік беру. Көліктердің бөліктерімен танымтыру, бөлшектерін түрлі –түсті қағаздан жапсыра білуге үйрету.</p>	

<p>Менің отбасым отбасылық мерекесі</p>	<p>(II апта)</p>	<p>Дене шынықтыру 1. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүру және жүгіру. Құрсаудан еңбектеп өту. Заттар арасымен доптарды, құрсауларды домалату. К/О «Төбеге қапшық қойып жүру»</p> <p>Дене шынықтыру 2. Сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүру және жүгіру. Заттар арасымен доптарды, құрсауларды домалату. 8 м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу. К/О «Қаппен жүру»</p> <p>Дене шынықтыру 3. Түрлі тапсырмалармен жүгіру: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшімен ауыса отырып жүгіру. 8 м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу. 1,5 м қашықтықтан тігінен нысанаға дәлдеп лақтыру. К/О «Қу түлкі»</p>	<p><u>Сөйлеуді дамыту</u> Т/б: «Менің көңіл күйім» Мақсаты: Адам туралы түсініктерін кеңейту. Ойлап ойын айта білуге үйрету. Сөз тіркестерін қолданып дұрыс сөйлем құрауға үйрету.</p> <p><u>Көркем әдебиет</u> Т/б: «Отбасындағы сыйластық» Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесуге, қоштасуға, үлкенді сыйлап, құрметтеуге үйрету. Қамқорлық жасауға баулу. Инабаттылыққа, кішіпейілдікке тәрбиелеу.</p>	<p>Математика негіздері Т/б: «Заттар тобын салыстыру оң жақта, сол жақта» Мақсаты: Заттарды үлгісі бойынша сана. Бірінің астына бірі екі қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету.</p> <p>Жаратылыстану Т/б: «Адам – тіршілік иесі». Мақсаты: Өзінің адам әлемінің өкілі ретіндегі алғашқы түсінігін қалыптастыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырата білуін үйрету.</p> <p><u>Құрастыру</u> Т/б: «Менің үйім» Мақсаты: Үй мен ғимараттар туралы білімін кеңейту, үй құрастыруды үйрету.</p>	<p><u>Сурет салу</u> Т/б: «Әжеге арналған орамал». Мақсаты: Өрнектер бұрышына, шеттеріне ортасына орналастыра отырып, шаршы пішіндес заттарды безендіруді үйрету. Тік және ирек сызықтар, нүктелер, жағыс салу машығын дамыту. (Шикула басп 20 бет)</p> <p><u>Мүсіндеу</u> Т/б: «Анаға арналған шоколад торт» Мақсаты: Балалардың достық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Түрлі тәсілдерді қолдана отырып дөңгелек, сопақ пішіндерді бейнелеу (Шикула басп 54 бет)</p> <p>Музыка: «Туған күн» Қайталау оқу қызметі. Тәрбие жұмысында мерекелер туралы ұғымдарын кеңейту. Балаларды адамгершілікке, достыққа тәрбиелеу мақсатын көздеу. Отбасылық дәстүрлер туралы балаларға түсіндіру. Өн –күйлерді тыңдату, қабылдау, есте сақтау және музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету:</p>	<p><u>Қоршаған ортамен танысу</u> Т/б: «Менің отбасым» Мақсаты: Балаларды өзінің отбасы, жақсы көретін адамдарды, олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы әңгімелеуге ынталандыру. Өзінің отбасы мүшелерінің бір біріне қалай көмектесіпіндері жайлы сұрақтарға жауап беру.</p>
---	------------------	---	--	--	---	--

Ересектер еңбегі	(III апта)	<p>Дене шынықтыру 1. 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру. 1,5м қашықтықтан тігінен нысанаға дәлдеп лақтыру. Табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу. К/О «Тордан допты өткізу»</p> <p>Дене шынықтыру 2. Кіші және үлкен кадаммен жүру және жүгіру. Табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу. Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен өрмелеу.К/О «Торғайлар мен мысық»</p> <p>Дене шынықтыру 3. Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүгіру. Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен кадаммен өрмелеу. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру. К/О «Мен спортсменмін»</p>	<p><u>Сөйлеуді дамыту</u> Т/б: «Қуыршақ Әйгерімнің туған күні» Мақсаты:Жиһаздар, тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Көркем әдебиет Т/б:М.Әлімбаев «Жұмыстың бәрі жақсы». Мақсаты:Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Кейіпкелердің іс- әрекетін бағалауға, өз ойларын мен алған әсерлерін айта білу.</p> <p>Орыс тілі Тема: «Труд взрослых» (директор, бухгалтер,завхоз, дворник) Цель:Познакомить детей о труде взрослых людей осенью. Расширить словарный запас. Формировать логическое мышление, связную речь.</p>	<p>Математика негіздері Т/б:«Сандарды салыстыру. Тәулік бөлігі.Сол жағында, ортасында,оң жағында» Мақсаты:Балаларға тәулік туралы,кеңістікті бағдарлауды түсінік беруді жалғастыру, сол жағында, ортасында, оң жағында.</p> <p><u>Жаратылыстану</u> Т/б: «Адамның баспанасы" Мақсаты:Адамдардың баспаналары Киіз үй, көпқабатты үй, пәтер, олардың айырмашылықтары, ұқсастықтары, ерекшелігі туралы айтып беру.</p>	<p><u>Сурет салу</u> Т/б:«Ертегі үйшік» Мақсаты: Балаларға таныс геометриялық фигураларды үйлестіре отырып, үй саалуды үйрету. Шеттен шығып кетпей, ішкі жағын бір бағытта бояуды үйрету. Көзбен мөлшерлеуді, қағаз парағында бағдарлай білуді дамыту. Ыждағаттылыққа және сурет салуға ынталы болуға тәрбиелеу. (Шикула басп 40 бет)</p> <p><u>Жапсыру</u> Т/б:«Қызанақ пен қияр» Мақсаты:Пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып отырып екі бөліктен тұратын заттарды жапсыруға үйрету. Музыка: «Болайықшы осындай» Балалардан өскендегі кім болғысы келетіндерін сұрап, қаржының еңбек арқылы келетінін түсіндіру Әнді тындап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру Ән арқылы қуана білуге үйрету..Ән сөздерін анық таза,әнді көңілді,ынталы жеткізе білуге би қимылдарын жасауға үйрету.. Музыка: «Менің Қазақстаным» Әнді тындап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.</p>	
------------------	------------	--	---	--	--	--

<p style="text-align: center;">Менің туған өлкем</p>	<p style="text-align: center;">(IV апта)</p>	<p>Дене шынықтыру 1. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді басқа қимылдармен кезектестіру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру. Допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру. Қ/О «Арқан тартыс»</p> <p>Дене шынықтыру 2. Сапқа тұру, сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру. Допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру. 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіру. Қ/О «Бағанаға шығыршықты дәлдеп тигіз»</p> <p>Дене шынықтыру 3. Тізені жоғары көтеріп жүру мен жүгіру. 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіру. Қ/О «Құстар мен жаңбыр»</p>	<p><u>Сөйлеуді дамыту</u> Т/б: «Менің сүйікті қалам» Мақсаты: Өзінің қаласы туралы түсініктерін кеңейту. «С», «З» дыбыстарын айтуға жаттықтыру, берілген дыбысы бар сөздерді ажырату. Туған жерінің табиғатына деген сүйіспеншілігін әңгімелеуге үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет «Қазақстан – Республикам менің» Қазақстан Республикасы туралы әңгімелеу. Ой – өрісін дамыту. Еліме, жеріме, Отаныма деген сүйіспеншіліктерін арттыру.</p>	<p>Математика негіздері Т/б: «Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Үлкен кіші, кішкентай шаршы». Мақсаты: Сан мен заттарды сәйкестендіріп нүктелер арқылы суреттерді қосу. Көлемі бойынша (үлкен, кіші, кішкентай) заттарды сәйкестендіру. <u>Жаратылыстану.</u> Т/б: «Менің елім Қазақстан» Мақсаты: Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайы туралы әңгімелеп беруге үйрету. Туған жерін, елін сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p><u>Құрастыру:</u> Т/б: «Көпір» Мақсаты: Құрылыс материалдарын пайдаланып, адамдар жүретін көпір құрастыра білуге дағдыландыру, үлкендерге көпірден өтуге көмек көрсете білуге тәрбиелеу.</p>	<p><u>Сурет салу</u> Т/б: «Әжемнің комзолы» Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық киімі-камзолмен таныстыру және оны ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету. Ұлттық сәндік қолданбалы өнер деген қызығушылықтарын арттыру және көркемдік талғамын дамыту. Мүсіндеу Т/б: «Қой» Мақсаты: Жануардың өзіне тән ерекшеліктерін бере отырып, бейнені түрлі материалмен толықтыру. Арқылы қиды мүсіндеуді үйрету. Қиялдағы дамыту, мақсаткерлікке тәрбиелеу.</p> <p>Музыка: «Менің Қазақстаным» Қайталау оқу қызметі Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.</p>	<p><u>Қоршаған ортамен танысу</u> Т/б: «Мен тұратын қала» Мақсаты: Тұратын қаламыздың атын бекіту. Жергілікті көрікті жерлерімен таныстыру, Туған өлкеміз тралы әгімелеу. Патроттық сезімге тәрбиелеу.</p>
		<p>Қазан айы</p>				

Өтпелі тақырып: «Қош келдің Алтын күз!»

<p align="center">Жомарт күз (жомарт күз, ауа райы құбылыстары белгілері, ағаштар)</p>	<p align="center">(I апта)</p>	<p>Дене шынықтыру 1. Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүгіру. Басқа қап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу. 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру. Қ/О «Мен спортсменмін»</p> <p>Дене шынықтыру 2. Шапшаң және баяу қарқынмен жүру және жүгіру. 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру. Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүру. Қ/О «Кегельді құлату»</p> <p>Дене шынықтыру 3. Ойлы-қырлы тақтаймен жүру және жүгіру. Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүру. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта). Қ/О «Жалаушаны апу»</p>	<p><u>Сөйлеуді дамыту</u> Т/б: «Жаз, күз». Мақсаты: Барлық дауысты және дауыссыз дыбыстардың сөйлемде анық, таза, әрі түсінікті айтуға үйрету. Сурет мазмұнына қарай әңгіме құруға үйрету..</p> <p>Көркем әдебиет Тб «Күзде» І. Байжуманова өлеңді мәнерлеп оқу. Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсінік беру. Өлеңді тыңдап, өз түсінігін жүйелі айтып беруге баулу. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.</p> <p>Орыс тілі Тема: «Осень-щедрая пора!» Цель: Познакомить детей с названиями овощей, расширять словарь по теме «овощи и фрукты». Совершенствовать диалогическую речь, зрительное восприятие, внимание и мышление. Воспитывать бережное отношение и любовь к окружающей среде.</p>	<p>Математика негіздері Т/б: «1 саны және цифры. Сол жағында, оң жағында, шеңбер мен шаршы» . Мақсаты: Заттар санын салыстыруды, атауды, топта бір зат бойынша теңдік қалыптастыруды үйрету. Шеңберді басқа геометриялық пішіндерден ажырату. 1-цифрын табу, салуды үйрету.</p> <p><u>Жаратылыстану</u> Т/б: «Күз сыйы. Жемістер мен көкөністер» Мақсаты: Көкөніс пен жемістерді ажырату, топтастыру, түсініктерін кеңейту. Сөйлем ішінде жалпылауыш сөздерді қолдануға үйрету. Өмір сүруге қажетті дағдыларды қалыптастыру.</p>	<p><u>Сурет салу</u> Т/б: «Үлкен және кішкентай сәбіздер» Мақсаты: Сопақша пішіннен бейне жасау. Техникалық дағдылар мен біліктерді игерту. Сәбіздің суретін сала білуге үйрету.</p> <p><u>Жапсыру</u> Т/б: «Банкадағы қияр мен қызанақ» Мақсаты: Заттарды қағаз бетінде орналастыра білуге үйрету. Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білу дағдыларын дамыту.</p> <p>Музыка: «Күз байлығы» Музыкалық шығарманы тыңдау, эмоциямен қабылдау және ажырата білуге Әннің сөзін анық, дұрыс айтуға талпындыру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету</p> <p>Музыка: «Күз-жомарт» Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау.</p>	
		<p>Күз сыйы (Көкіністер, жемістер, жи)</p>	<p align="center">(II апта)</p>	<p>Дене шынықтыру 1. Қол мен аяқ қимылын үйлестіріп жүру. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта). Тақтайда,</p>	<p><u>Сөйлеуді дамыту</u> Т/б: «Бау – бақшада, бақтарда» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту. Суреттің мазмұны бойынша шағын</p>	<p>Математика негіздері Т/б: «1 цифры Жылдам-баяу. Үшбұрыш» Мақсаты: Жылдам, баяу сөздерін түсіндіру, геометриялық</p>

	<p>орындықта көлденеңінен еңбектеу. Қ/О «Шығыршықтан өту»</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>2. Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) жүру, жүгіру. Тактайда, орындықта көлденеңінен еңбектеу. Бір-бірінен қашық қойылған 5-6 доп арқылы кезекпен аттап өту.</p> <p>Қ/О «Шығыршықтан өт те, таяқшаны көтер!»</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>3. Педагогтің белгісімен сапта жүрудің бағытын өзгерту. Бір-бірінен қашық қойылған 5-6 доп арқылы кезекпен аттап өту. Допты аяқтарымен бір-біріне домалату. Қ/О «Қалашықты құлату»</p>	<p>әңгімелер құрастыру.</p> <p><u>Көркем әдебиет</u></p> <p>Т/б:«Жапырақтар» (өлең)</p> <p>Т. Молдағалиев</p> <p>Мақсаты:Күзгі табиғат жөніндегі түсініктерін нығайта отырып, табиғат өсімдігін көре білуге, әңгімелеуге баулу.</p>	<p>пішін ұшбұрышпен таныстыруды жалғастыру. Заттарды көлеміне қарай салыстыру, үлкен, кіші кішкентай.</p> <p><u>Құрастыру</u></p> <p>Т/б:«Қанқызы»</p> <p>Мақсаты:Қағаздан құрастыруға үйрету.қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және тараптарды біріктіре білуге үйрету. Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Т/Б.«Адам еңбегінің нәтижесі»</p> <p>Мақсаты:Еңбектің нәтижесінде пайдалы және қажетті өнім алатынын түсіндіру.Ересектердің еңбегін ойын әрекеттерінде қолдануға үйрету.Адамдар еңбегін мақтан тұтуға тәрбиелеу.</p>	<p>ескере отырып сурет салу.</p> <p><u>Мүсіндеу</u></p> <p>Т/б:«Саңырауқұлақтар»</p> <p>Мақсаты:Меңгерген тәсілдерді қолдана отырып мүсіндеу білігін бекіту.</p> <p>Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Музыка: «Күзгі орман»</p> <p>Музыканы тыңдап әуеннің ырғақ екінін сезіне білуге,салыстыруға Әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру.</p> <p>Өнді көңілді, ашық дауыспен, таза орындауға үйрету,ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету.</p>	<p>қарапайым өзгерістерді (күн қысқарады, ауа райы суытады, жаңбыр жауып,жерде шалшық сулар пайда болады,күн сирек шығып, жылу аз болады.)Емен және үйеңкі ағашымен таныстыру.</p>
--	--	--	---	---	--

<p style="text-align: center;">Нан неден жасалады? (Егін егуге дайындық барысы,бидай өсімі,өңделуі,ісірілуі, нан өнімдерінің пайдасы,наубайшы маманы)</p>	<p style="text-align: center;">(III апта)</p>	<p>Дене шынықтыру 1. Сапта бағыттарын ауыстыра отырып жүру, жүгіру. Допты аяқтарымен бір-біріне домалату. Қимылының бағытын сақтап, 6 метр арақашықтықта төрт тағандап еңбектеу К/О «Өз үйіңді тап».</p> <p>Дене шынықтыру 2. Бірінің соңынан бірі бой түзулігін дұрыс сақтап жүру, жүгіру. Қимылының бағытын сақтап, 6 метр арақашықтықта төрт тағандап еңбектеу. Жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру. К/О «Қу түлкі»</p> <p>Дене шынықтыру 3. Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып жүгіру. Жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру. 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру. К/О «Тышқандар мен мысық»</p>	<p><u>Сөйлеуді дамыту</u> Т/б: «Не дәмді? ертегісі Мақсаты: Нанның дастарханға қандай жолдармен келетіні туралы түсінік беру. Ересектердің еңбегін құрметтеуге, нанды қадірлеуге тәрбиелеу. Тілдегі дыбыстарды дұрыс айту біліктерін жетілдіру.</p> <p>Орыс тілі Тема: «Из чего получается хлеб» Цель: Формировать представление детей о том, как вырабатывается зерно, из чего пекут хлеб. Познакомить с такими профессиями как: механизатор, комбайнер, пекарь. Воспитывать бережное отношение к хлебу.</p> <p>Көркем әдебиет Т/б: Ертегі: «Нан қайдан шықтың?» Мақсаты: Балаларға ертегі желісін түсіндіре отырып, бидайдан нан шығатыны жайында, нан дастарханға жеткенше қаншама еңбек жасалатынын түсіндіру. Үлкендердің еңбегін құрметтеп, нанды ысырап етпеуге, бағалай білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Математика негіздері Т/б: «2 саны мен цифры. Сопакша. Қысқа – ұзын. Жақын-алыс». Мақсаты: 2-санымен таныстыру. Ұзын-қысқа, кеше – бүгін -ертең, алыс - жақын ұғымымен таныстыру. Ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру дағдыларын үйрету. 2-ге дейін санауды бекіту.</p> <p><u>Жаратылыстану</u> Т/б: В. Сухомолинский «Менің анамнан нан иісі аңқиды» Мақсаты: Диқан мамандығымен таныстыру. Өз ата-аналарының мамандығына қызығушылығын ояту. құғамдық пайдалы еңбектің маңыздылығын көрсету. (Шикүла 75 бет)</p>	<p><u>Сурет салу</u> Т/б: «Бауырсақ» Мақсаты: Бауырсақты салуды, ертегі кейіпкерінің көңіл күйін бере білуді үйрету.</p> <p><u>Жапсыру</u> Т/б: «Ыдыстағы бауырсақ» Мақсаты: Шаршыдан, дөңгелектерді Қиоға үйрету, Бауырсақтың пішінін қағаз беріндегі ыдысқа жапсыру. қайшымен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік техникасын сақтауды үйретуді жалғастыру. Балалардың шығармашылық ойын дамыту..</p> <p>Музыка: «Ақ бидай» Нанды кастерлеуге, ас атасы – нан екенін, нанның адам өміріндегі ең маңызды ас екенін, нанның дастарханға қалай келетінін айтып оған көптеген адамдар еңбек ететінін түсіндіру. Дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру.</p> <p>Музыка: «Саңырауқұлақ тереміз» Музыканы есту қабілетін дамыту, әнді орындаушылық қабілетін ояту, әуенді сезіну, өлең сөздерін анық айтуға үйрету. Түрлі сипаттағы әндерді тыңдап би қимылдарын, музыкалық ойын әрекеттерін орындауға дағдыландыру.</p>	
--	--	--	--	--	--	--

<p style="text-align: center;">Өсімдіктер әлемі (саңырауқұлақтар, бұтақтар)</p>	<p style="text-align: center;">(IV апта)</p>	<p>Дене шынықтыру 1. Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып жүгіру. 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Қ/О «Кім жылдам» Дене шынықтыру 2. Сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүру және жүгіру. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Қимылының бағытын сақтап, 6 метр арақашықтықта төрт тағандап еңбектеу. Қ/О «Нысанаға дәл тигіз» Дене шынықтыру 3. Шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру. Қимылының бағытын сақтап, 6 метр арақашықтықта төрт тағандап еңбектеу. Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу. Қ/О «Күн мен жаңбыр»</p>	<p><u>Сөйлеуді дамыту</u> Т/б: «Алтын күз» Мақсаты: Көргендерін суреттеп, әңгімелей білуге үйрету. Ойлау бақылау қабілеттерін дамыту. Жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту. «Күз» тақырыбына байланысты сөздік қорларын дамыту. <u>Көркем әдебиет</u> Т/б: «Шие тергенде» әңгіме Мақсаты: Балаларды әдеби шығармалар кейіпкерлерінің бейнесі арқылы адамның іс-әрекеттер әлемімен таныстыру.</p>	<p>Математика негіздері Т/б: «2 цифры мен саны туралы, жақын - алыс» Мақсаты: Құрамында 2 және 3 заттар бар топтарды салыстыруға, заттардың санын атауға, теңдік және теңсіздікті орнатуға, 2 санын салуды үйрету. Сопақшаны өзге геометриялық фигурадан ажырату. Жаратылыстану Т/б: «Күздік киімдер». Мақсаты: Күз туралы ұғымдарын кеңейту. Өзіне – өзі қызмет етудің қарапайым дағдыларын меңгерту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. <u>Құрастыру.</u> Т/б: «Үлкен кіші саңырауқұлақтар» Мақсаты: Балаларға құрастырылатын заттың саңырауқұлақтың аяғын, қалпағын иейлінше бейнелі түрде беретін табиғи материалды өз беттерінше таңдауды ермексиздің көмегімен бекітуді үйрету. Табиғи материалдан құрастыру жұмысына ынталылыққа тәрбиелеу. (Шикүла 134бет)</p>	<p><u>Сурет салу</u> Т/б: «Саңырауқұлақ» Мақсаты: Қағазға суретті дұрыс орналастыруға үйрету. Бояудың әдістерін қолданып, бояумен сурет салуға жаттықтыру. <u>Мүсіндеу</u> Т/б: «Саңырауқұлақ алаңқайы» Мақсаты: Саңырауқұлақтарды құрастыру тәсілімен мүсіндеуді үйрету. Ұжымдық жұмыстар жасау үйрету. Музыка: «Саңырауқұлақ тереміз» Қайталау оқу қызметі. Музыканы есту қабілетін дамыту, әнді орындаушылық қабілетін ояту, әуенді сезіну, өлең сөздерін анық айтуға үйрету. Түрлі сипаттағы әндерді тыңдап би қимылдарын, музыкалық ойын әрекеттерін орындауға дағдыландыру..</p>	<p><u>Қоршаған ортамен танысу</u> Т/б: «Алтын күз» Мақсаты: Балалардың күз айының қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатта, ауа райында қандай болатынын айту.</p>
--	---	---	--	---	---	---

**Қараша.
Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»**

Мақсаты: Күзгі табиғатты бақылау, қарапайым өзгерістерді атау, ағаштардың атауымен таныстырып, жапырақтары мен діңінің ерекшелігіне қарап басқа ағаштардан ажыратып, атай білуге үйрету.

<p style="text-align: center;">Жыл құстары (қарлығаштар, үйректер, қаздар)</p>	<p style="text-align: center;">(1 анги)</p>	<p>Дене шынықтыру 1. Сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүру және жүгіру. Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу. Басқа қап киіп, заттарды аттап өту. Қ/О «Мені қуып жет» 2. Көлбеу тақтаймен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүру және жүгіру. Басқа қап киіп, заттарды аттап өту. Допты лақтыру және қағып алу, допты дұрыс лақтыру және өзіне қыспай қағып алу. Қ/О «Қу түлкі» 3. Кіші және үлкен қадаммен жүгіру. Допты лақтыру және қағып алу, допты дұрыс лақтыру және өзіне қыспай қағып алу. Бір шеңберден екінші шеңберге біртіндеп секіру. Қ/О «Мысық пен торғайлар»</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Т/б: «Құс» сурет бойынша әңгіме Мақсаты: Құстардың тіршілігі туралы түсінік беру. Дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру интонациялық айқындыққа тәрбиелеу. Сурет бойынша сөйлем құрауға үйрету. Берілген әңгіменің басы мен аяғы бойынша әңгіменің атын ойлап табу, іскерлігін қалыптастыру. Көркем әдебиет Т/б: «Құмырсқа мен көгершін» әңгіме. Мақсаты: Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге үйрету. Әңгіменің мазмұнын түсіну. Орыс тілі Тема: «Перелётные птицы» (ласточка, утка, гусь) Цель: Познакомить детей с перелётными птицами, показать их разнообразие, красоту и бережное отношение к природе.</p>	<p>Математика негіздері Т/б: «1, 2, 3 цифрлары, биік - аласа». Мақсаты: 1-2-3 цифрларын пысықтау, биік-аласа, ұғымдарын қалыптастыру. 1-2-3 сандарын салыстыру. Санды тану. Құрастыру Т/б: «Құс» Мақсаты: Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану. Т/б: «Құстардың күздегі тіршілігі» Мақсаты: Балаларды жыл құстарымен таныстыру. Олардың жылы өлкелерге ұшып етуге міндетін туралы түсінік беру. Танымдық қызығушылығын дамыту. Табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Т/б: «Балалар» Мақсаты: Балаларға балаландарды салуды, мұқият бояуды және бейнені ұсақ бөлшектермен толықтыруды, сюжет құруды үйрету. (Шикүла басп 40 бет) Жапсыру Т/б: Құстың ұясын әшекейлейміз Мақсаты: Шаршы пішініне кеңістікті бағдарлай отырып, геометриялық (дөңгелек, ұшбұрыш, тіктөртөрыш) пішіндерді жапсырып құстың ұясын ішекейлеу. Қиялы мен шығармашылығын дамыту. Құстарды қамқорлай білуге үйрету. Музыка: «Құстар» Әуеннің ырғақ екінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Балалар жуан –жіңішке дыбыстарды ажыратуға тырысады, құстардың сайраған даусын сезінуге тырысады. Музыка: «Сұр қоян» Балаларға орманда жабайы аңдар мекендейтіні туралы түсінік беру. Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызуға талпындыру. Өз ойларын айтуға үйрету.</p>	
---	--	---	---	--	---	--

Туған өлке байлықтары	(III апта)	<p>Дене шынықтыру 1. Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып жүгіру. Бір шеңберден екінші шеңберге біртіндеп секіру. Екі сызықтың арасымен тепе-теңдікті сақтап жүру. Қ/О «Қасқыр мен қояндар»</p> <p>Дене шынықтыру 2. Баяу қарқында жүру және жүгіру. Жіп бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтап жүру. қабілеттерін дамыту. 40 см биіктікте көтерілген арқанның астынан еңбектеп өту. Қ/О «Кім шақырғанын анықта»</p> <p>Дене шынықтыру 3. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен кезектестіру. 40 см биіктікте көтерілген арқанның астынан еңбектеп өту. Еденнен 20-25 см көтерілген баспалдақ тақтайдан аттап өту. Қ/О «Ұядағы құстар»</p>	<p><u>Сөйлеуді дамыту</u> Т/б:«Менің сүйікті қалам» Мақсаты:Өзінің қаласы туралы түсініктерін кеңейту. «С»,«З»дыбыстарын айтуға жаттықтыру, берілген дыбысы бар сөздерді ажырату. Туған жерінің табиғатына деген сүйіспеншілігін әңгімелеуге үйрету</p> <p><u>Көркем әдебиет</u> Т/б:«Менің сүйікті қалам» Мақсаты:Балалардың қала, ауыл және Астана туралы түсініктерін тиянақтау. Ой өрісін дамыту. Елін, жерін, туған қаласын сүюге тәрбиелеу.</p>	<p>Математика негіздері Т/б:«1,2,3 цифрлары, биік - аласа». Мақсаты:1-2-3 цифрларын пысықтау, биік-аласа, ұғымдарын қалыптастыру. 1-2-3 сандарын салыстыру. Санды тану.</p> <p><u>Құрастыру</u> Т/б:«Менің үйім» Мақсаты:Үй мен ғимараттар туралы білімін кеңейту, үй құрастыруды үйрету.</p> <p>Жаратылыстану. Т/б:«Мен тұратын қала (ауыл) Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыс орната білуге үйрету. Өз мекеніне, қаласына деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.</p>	<p><u>Сурет салу</u> Т/б:«Адамның баспанасы» Мақсаты:Адамдардың баспаналары Киіз үй, көпқабатты үй, пәтер, олардың айырмашылықтары, ұқсастықтары, ерекшелігі туралы айтып беру.</p> <p><u>Мүсіндеу</u> Т/б:«Әдемі торғай» Мақсаты:Пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып екі бөліктен тұратын заттарды ермексаздан мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыка: «Сұр қоян» Қайталау оқу қызметі Балаларға орманда жабайы аңдар мекендейтіні туралы түсінік беру. Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызуға талпындыру. Өз ойларын айтуға үйрету.</p>	<p><u>Қоршаған ортамен танысу</u> Т/б:«Мен тұратын қала» Мақсаты:Өз мекенжайы мен тұрғылықты қаласының атын білуі. Қаланың сәулетті орындарына саяхат жасау. Өзі тұратын қаланың сәулетті, мәдени орындары туралы түсінік беру.</p>
-----------------------	------------	---	---	--	---	---

<p style="text-align: center;">Жабайы жануарлардың ғажайып әлемі (андардың қысқа дайындығы)</p>	<p style="text-align: center;">(III апта)</p>	<p>Дене шынықтыру 1. Шапшаң және баяу қарқынмен ауыса отырып жүгіру. Еденнен 20-25 см көтерілген баспалдақ тақтайдан аттап өту. Заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу. Қ/О «Кім мықты»</p> <p>Дене шынықтыру 2. Сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүру және жүгіру. Заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см). Қ/О «Пойыз»</p> <p>Дене шынықтыру 3. 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру. Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүру. Қ/О «Өз үйінді тап»</p>	<p><u>Сөйлеуді дамыту</u> Т/б: «Арыстан күшігін асыраған мысық» ертегі Мақсаты: Ертегіні тыңдай білуге оны мазмұндауды білуге үйретуді жалғастыру. Бір-біріне деген бауырмалдық, жанашырлық сезімдерін ояту, жақсылық жасауға тәрбиелеу.</p> <p>Орыс тілі Тема: «Чудесный мир диких животных» Цель: Продолжать работу по активизации словаря, ввести в словарь детей слова и выражения на русском языке, обозначающие диких животных, отвечать на вопросы. Воспитывать бережное отношение к животным, трудолюбие.</p> <p>Көркем әдебиет Т/б: «Жабайы аңдар» Мақсаты: сурет бойынша әңгімелеу. Әңгіменің мазмұнын сурет бойынша әңгімелету. Жабайы аңдар туралы білімдерін кеңейту, олардың тіршілігін сипаттап айтуға, сөздік қорын молайту.</p>	<p>Математика негіздері Т/б: «1,2,3,4 сандарын салыстыру. Кең, тар. Тіктөртбұрыш». Мақсаты: Ұқсастық және ерекшелік қасиеттерін есепке ала отырып, кең - тар белгілерін салыстыру. Тіктөртбұрышты өзге геометриялық фигуралар арасынан табу.</p> <p><u>Жаратылыстану.</u> Т/б: «Табиғаттағы қауіпсіздік ережелері». Мақсаты: Табиғаттағы қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Отпен ойнамау, өздеріне таныс емес саңырауқұлақтармен жеміс-жидектерді теріп жемеудің қажеттілігін үйрету.</p>	<p><u>Сурет салу</u> Т/б: «Үйшікте не тұрады?» Мақсаты: Элементтердің реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауға үйрету. Бояу түстерін таңдай білуге үйрету. <u>Жансыру</u> Т/б: «Мысыққа арналған балмұздақ». Мақсаты: Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге үйрету. Желімді, сүлгіні қолдану дағдыларын жетілдіру. (Шикүла басп 70 бет)</p> <p>Музыка: «Туған өлкем» Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.</p> <p>Музыка: «Күз» Музыкада бейнеленген жануарлардың кимыл – қозғалыстарын. Дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру. Әнді тыңдап, әннің ырғағын айыру. Өлең сөздерін жаттап, анық таза әуенге сай әдемі айтуға, әуенге сәйкес би кимылдарын ауыстыра білуге үйрету.</p>	
--	--	--	--	--	--	--

Тірі және өлі табиғат	(IV –апта)	<p>Дене шынықтыру 1. Бір минут баяу қарқында жүгіру. Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүру. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу. Дене шынықтыру 2. Саптізбекте бағыттарын ауыстыра отырып жүру. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу. Ойлы-қырлы тақтаймен жүру. Дене шынықтыру 3. Бір қалыппен 40–50 метрге жүгіру. Ойлы-қырлы тақтаймен жүру. Қатарға бір-бірден сапқа тұру. Сапты қайтадан құру.</p>	<p><u>Сөйлеуді дамыту</u> Т/б: «Бір уыс мақта» Ы. Алтынсарин Мақсаты: Өңгімені мазмұндай білуге үйрету. Сұрақтар қойып сауатты жауап беру. Дағдыларын қалыптастыру. Баланың ой өрісін кеңейту. өз ойларын айта білуге, анық жүйелі сөйлеуге білуге үйрету. Еңбек ете білуге тәрбиелеу. (Шикүла 32 бет)</p> <p><u>Көркем әдебиет</u> Т/б: «Қасқыр мен Ит» ертегісі. Мақсаты: Балаларға ертегіні тыңдата отырып мазмұнын түсіндіру. Қасқыр мен иттің жағымды жағымсыз жақтарын айтып түсіндіру. Көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру.</p>	<p>Математика негіздері Т/б: «Заттар тобын теңестіру. Шеңбер, сопақша» Мақсаты: 4-ке дейін санауды үйретуді жалғастыру. Әртүрлі қашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету. Баланың зейінін дамыту.</p> <p>Жаратылыстану Т/б: «Үй жануарлары» Мақсаты: Қарапайым тәжірибелерді жүргізуге қызығушылықтарын дамыту. Заттарды ұқыпты қарауға дағдыларын қалыптастыру. <u>Құрастыру.</u> Т/б: «Үйшік» Мақсаты: Үй құрастыру арқылы үйдің бөліктерімен таныстыру, құрлыс материалдарынан құрастыру..</p>	<p><u>Сурет салу</u> Т/б: «Қандай заттың пішіні шаршыға ұқсайды?» Мақсаты: Шаршы пішіндес заттардың суретін салуды үйрету. шығармашылық қабілетін, ой қиялын дамыту. <u>Мүсіндеу</u> Т/б: «Тиін» Мақсаты: Балаларға мүсіндеу арқылы жануардан тұлғасын бейнелеуді үйрету, оның бөліктерін мүсіндеу. Қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. Музыка: «Күз» Қайталау оқу қызметі Музыкада бейнеленген жануарлардың қимыл – қозғалыстарын. Дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру. Өнді тыңдап, әннің ырғағын айыру. Өлең сөздерін жаттап, анық таза әуенге сай әдемі айтуға, әуенге сәйкес би қимылдарын ауыстыра білуге үйрету.</p>	<p><u>Қоршаған ортамен танысу</u> Т/б: «Тиін» Мақсаты: Тиіннің қоректенуі, тіршілігі туралы айтып бере білуге үйрету.</p>
-----------------------	------------	---	--	---	---	--

Желтоқсан.

Өтпелі тақырып: «Жайнай бер, Қазақстан»

Мақсаты: Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайы туралы әңгімелеп беруге үйрету. Туған жерін, елін сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу.

